

6-7 балл	Бала тапсырманы 1,5-2 минут ішінде орындады.	орташа
4-5 балл	Бала 2-2,5 минут ішінде тапсырманы шешті.	
2-3 балл	Бала тапсырманы 2,5-3 минут ішінде шешті.	төмен
0-1 балл	Бала 3 минутта тапсырманы орындай алмады.	өте төмен

2. Керн-Йирасектің тесті.

(Керн-Йирасектің «Мектепке дайындықтың кемелділігін бағдарлау тесті»)

Адамның суреті (балл)	“Жазбаша әріптердің суретін салу” суреті	“Нүктелер” суреті (балл)	Жалпы балл	Деңгей

Баланың мектепке дайындығын зерттеу үшін Керн-Йирасектің тесті қолданылады.

Тест 3 тапсырмадан тұрады:

- адам фигурасының суретін салу.
- жазбаша әріптерден құралған фразаны графикалық түрде көшіру.
- белгілі бір кеңістіктік позициядағы нүктелерді салу.

Мақсаты: баланың психикалық даму деңгейін, оның көзбен мөлшерлеу, еліктеу қабілеттерін дамыту, нәзік моторлық координациялардың қалыптасу дәрежесін анықтау.






Нұсқаулық: әдістеменің барлық үш тапсырмасы қолдың ұсақ моторикасын, қозғалыс пен көруді үйлестіруді анықтауға бағытталған. Мұның бәрі мектептегі баланың жазуды үйренуі үшін қажет. Сонымен қатар, осы тест арқылы баланың интеллектуалды дамуын, үлгіге еліктеу қабілетін және зейінін, зейінін шоғырландыру қабілетін жалпы түрде анықтауға болады.

Керн-Йирасектің тесті топта да, жеке де қолданылуы мүмкін. Әр тапсырманы орындау уақытына шектеу қойылмайды, баланы асықтырмаңыз, ол қолынан келгенінің бәрін көрсетсін. Осы тесті орындау кезінде көмек көрсетуге тыйым салынады. Балаға беті сызылмаған парақ беріледі. Қарындаш балаға оң және сол қолымен бірдей ыңғайлы болатындай етіп орналастырылады. Егер бала барлық тапсырмаларды орындай алмаса, ол тест кезінде орнынан тұрады, қашып кетеді, қолдарын сермейді және т.б., бұл эмоциялық-жігерлі саланың жетілмегендігін көрсетуі мүмкін.

1-тапсырма.

«Бір ағаның суретін салып көр». Қосымша нақтылау жасау қажет емес. Көмектесуге немесе қателерді түзетуге болмайды.

Нәтижелерді талдау:

Балл саны	Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау)	Нәтиже
1 балл	Суретке салынған фигураның басы, денесі, аяқ-қолдары бар. Бас пен денені мойын қосып тұр (ол денеден үлкен болмауы керек). Баста шаш (қалпақ немесе бас киім), құлақ болуы керек. Бетінде көз, мұрын, ауыз. Қолдарының бес саусағы бар алақаны болуы керек. Ерлер киімінің бөлшектері көрінеді.	
2 балл	Барлық талаптарды орындау, бағалау кезінде 1 балл. Үш деталь болмауы мүмкін: мойын, шаш, қолдың бір саусағы; бірақ беттің кез келген бөлігі жоқ болмауы керек.	
3 балл	Суреттегі фигураның басы, денесі, қолдары, аяқтары бар, олар екі сызықпен сызылып салынған. Мойын, құлақ, шаш, киім, аяқ саусақтары, аяқтың табаны жоқ.	
4 балл	Қол-аяғы бар бастың қарабайыр суреті. Әр аяқ (бір жұп жеткілікті) бір сызықпен бейнеленген.	
5 балл	Дененің, қолдың және аяқтың айқын бейнесі жоқ. Шимайлар.	

2-тапсырма.

Сурет салынып аяқталғаннан кейін, сырт жағында фраза үлгісі жазулы тұрған парақты аударып қоюын баладан сұраңыз.

– Мұнда не жазылғанын көр. Сен әлі жаза алмайсың. Бұл сурет деп елестет, оны мүмкіндігінше дәл көшіруге тырысып көр.

Үлгі:

Ол көже ішті.

Нәтижелерді талдау:

Балл саны	Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау)	Нәтиже
1 балл	Бала салған фразаны оқуға болады. Әріптер үлгіден екі еседей үлкен және үш сөзді құрайды. Жол түзу сызықтан 30 градустан аспайтындай мөлшерде ауытқыған.	Ол көже ішті
2 балл	Сөйлемді оқуға болады. Әріптер шамасына қарай үлгіге жақын, әріптердің әдемі болуы міндетті емес.	Ол көже ішті
3 балл	Әріптер кем дегенде екі топқа бөлінуі керек. Кем дегенде төрт әріпті оқуға болады.	Ол көже ішті
4 балл	Үлгіге кем дегенде екі әріп ұқсас. Әріптер тобы жазуға аздап ұқсайды.	Ол көже ішті
5 балл	Шимай.	Ол көже ішті

3-тапсырма.

Бұнда нүктелер салынған. Өзің де қағаз бетіне осындай сурет салып көр.

Үлгі:



Балл саны	Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау)	Нәтиже
1 балл	Үлгіні дәлме-дәл қайталау. Шеңберлер емес, нүктелер сызылған. Фигураның көлденең және тігінен симметриясы сақталған. Фигуралардың кез келгені кішірейтілуі мүмкін, ұлғайту екі еседен аспайды.	
2 балл	Симметрия аздап бұзылуы мүмкін: бір нүкте бағаннан немесе жолдан асып кетуі мүмкін. Нүктелердің орнына шеңберлер салынуы мүмкін.	
3 балл	Нүктелер тобы үлгіге аздап ұқсайды. Фигураның симметриясы толығымен бұзылуы мүмкін. Шыңы жоғары немесе төмен төңкерілген бесбұрыштың бейнесі сақталады. Нүктелер саны көбірек немесе азырақ болуы да мүмкін.	
4 балл	Нүктелер бір жерге шоғырланып, олардың тобы кез келген геометриялық фигураға ұқсауы мүмкін. Нүктелердің шамасы мен саны маңызды емес. Сызықтар сияқты басқа суреттерге жол берілмейді.	
5 балл	Шимай.	

Кейбір жеке тапсырмаларды орындау нәтижелерінің қосындысы осы тест бойынша зерттеудің жалпы нәтижесі болып саналады.

Нәтижелерді түсіндіру (интерпретациялау)

Балл саны	Даму деңгейі туралы тұжырымдар (нәтижелерді сипаттау)
3-5 балдан бастап	Барлық тапсырмаларды орындағаны үшін 3-тен 5-ке дейін балл алған бала психомоторлық даму деңгейі бойынша жетілген, яғни мектепке дайын деп бағаланады.
6-7 балл	Мектепке дайындықтың орташа деңгейі – «жетіліп жатқан» деп аталады. Бұл жағдайда қолайлы болжам жасауға болады.
8-9 балл	Мектепке дайындық деңгейі орташадан төмен. Бұл балаға қосымша жаттығулар қажет.
10 және одан көп балл	Бала психомоторлық дамуы бойынша жетілмеген деп бағаланады.

3. “Графикалық диктант” тесті.

(Д.Б.Элькониннің “Графикалық диктант” әдістемесі бойынша)

Мақсаты: кеңістікте бағдарлауды зерттеуге арналған. Оның көмегімен ересек адамның нұсқауларын мұқият тыңдау және дәл орындау, қағаз парағында сызықтың берілген бағытын дұрыс жүргізу, ересек адамның нұсқауы бойынша өз бетінше әрекет ету мүмкіндігі анықталады.

Құрал-жабдықтар: бір-бірінің астына салынған төрт нүктесі бар, ірі торкөзді дәптер парағы. Қара қарындаш.

Нұсқау:

– Қазір сенімен (сендермен) бірге әртүрлі үлгілерді саламыз. Оларды әдемі және ұқыпты салуға тырысуымыз керек. Ол үшін мені мұқият тыңдап отыр, мен саған қанша ұяшық бар екенін және қай бағытта сызық салу керектігін айтамын. Мен айтатын сызықты ғана саласың. Қарындашты қағаз бетінен алмай, келесі жолды алдыңғы сызық аяқталған жерден бастау керек.

Әрі қарайғы талдауда қорытынды көрсеткіш қана қолданылады, ол келесі түрде түсіндіріледі:

Балл саны	Даму деңгейі туралы тұжырымдар (нәтижелердің сипаттамасы)
0-ден 3 балға дейін	Төмен
4-6 балл	Орташадан төмен
7-10 балл	Орташа
11-13 балл	Орташадан жоғары
14-16 балл	Жоғары

4. «Дыбыстық тығылмақ» тесті

(Н.И. Гуткинаның әдістемесі бойынша «Дыбыстық тығылмақ»)

Мақсаты: фонематикалық естуді зерттеу.

Өткізу барысы: педагог балаға барлық сөздер біз айтатын дыбыстардан тұратынын, сондықтан адамдар сөздерді естіп, айта алатынын түсіндіреді. Мысалы, педагог бірнеше дауысты және дауыссыз дыбыстарды айтады. Содан кейін балаға дыбыстармен тығылмақ ойынын ойнау ұсынылады.

Нұсқаулық: әр жолы олар қандай дыбысты іздеу керектігін келісіп алады, содан кейін педагог балаға әртүрлі сөздерді атайды, ал ол сөзде ізделетін дыбыстың бар-жоғын айтуы керек. Әр дыбысқа онда ізделуі тиіс дыбыс бар үш сөзден беріледі. Сөздер балаға таныс және қысқа болуы керек. Дыбыстар сөзде бір рет қана қайталанғаны жөн.

Дыбыстарды кезекпен іздеу ұсынылады: «о», «а», «ш», «с».

«О» дыбысы	«А» дыбысы	«Ш» дыбысы	«С» дыбысы
торсық	балық	шаң	сәбіз
қауын	қалақай	қыс	сәукеле
қоңырау	желкен	құлақшын	жаз
жол	терек	сабын	бесеу
кеме	қант	қарындаш	дауыс

Барлық сөздерді өте анық айту керек, әр дыбысты бөліп, тіпті дауысты дыбыстарды созып айту керек (іздейтін дауысты дыбысқа екпін түсіру). Балаға педагогтің артынан сөздерді өзі айтып, оны тыңдауды ұсыну қажет. Сөздерді бірнеше рет қайталауға болады. Бланкіге дұрыс және қате жауаптар жазылады, содан кейін тапсырманы орындау әдісі талданады. Кейбір балалар қажетті дыбыс барлық сөздерде де барын айтуы мүмкін. Бұл жағдайда дұрыс жауаптар кездейсоқ деп саналуы керек. Егер бала ізделетін дыбыс ешбір жерде жоқ деп санаса, дәл солай санаймыз.

Нәтижелерді талдау:

Нәтижелерді өңдеу	
Жоғары деңгей	Ешбір қате жібермесе
Орташа деңгей	Бір қателік жіберсе
Төмен деңгей	Біреуден көп қате жіберсе

5. «Нежнованың стандартты әңгімесі» тесті

1	2	3	4	5	6	Жалпы балл	Деңгей

Мақсаты: баланың ішкі ұстанымын зерттеу және мектепте оқу іс-әрекетіне бағдарлану сипатын анықтау.

Тексеру барысында балаға сұрақтар қойылады, олардың жауаптары мектеп пен оқуға қатысты бағдарлаудың үш түрінің бірін анықтауға

мүмкіндік береді. Оқу іс-әрекетінің мазмұнына басымдық беру балада оқушының ішкі позициясының болуын көрсетеді.

Әңгімелесудің сұрақтары	Жауап үлгілері	Балл
1. Мектепке барғың келе ме?	А - қатты барғым келеді	2
	Б - бәрібір, білмеймін	1
	В - барғым келмейді	0
2. Мектепке не үшін барғың келеді?	А - оқу-білімге қызығушылық: оқуды, жазуды, сауатты, ақылды болуды, көп білуді, жаңаны үйренуді және т. б. қалаймын	2
	Б - мектептің сыртқы атрибуттарына қызығушылық: жаңа форма, кітаптар, портфель және т.б.	1
	В - оқудан тыс қызығушылықтар: балабақшадан жалықтым, мектепте ұйықтамайды, онда қызық, барлық балалар мектепке барады, анам айтты.	0
3. Мектепке дайындалып жүрсің бе? Сен қалай дайындаласың (сені қалай дайындап жатыр)?	А - оқу, жазу, санаудың кейбір дағдыларын меңгеру: анаммен әріптерді үйрендік, есеп шығардық және т.б.	2
	Б - мектеп формасын, оқу құралдарын сатып алу	1
	В - мектепке қатысы жоқ істер	0
4. Саған мектепте ұнай ма? Саған бәрінен де бұрын не ұнайды, не мүлде ұнамайды?	А - баланың мектепке дейінгі өмірінде баламасы жоқ мектептегі сабақтары.	2
	Б - оқуға байланысты емес, оқудан тыс істер және тағы басқа: үзіліс, оқудан тыс уақыттағы істер, мұғалімнің жеке тұлғасы, мектептің сыртқы көрінісі, сыныпты безендіру.	1

(баланың мектепке барып көргені туралы алдын ала сұрап алу керек)	В - балаға мектепке дейінгі балалық шақтан таныс және жақын болған, мектепте жалғасатын көркемдік дене шынықтыру циклінің сабақтары.	0
5. Саған мектепке және балабақшаға барудың қажеті болмаса, үйде не істер едің, күнді қалай өткізер едің?	А - оқуға қатысты істер: әріптер жазар еді, оқыр еді және т.б.	2
	Б - мектепке дейін айналысқан істер: сурет салу, құрастыру.	1
	В - мектепке қатысы жоқ істер: ойындар, серуендеу, үй шаруасына көмектесу, төрт түлік малға күтім жасау.	0

Нәтижелерді талдау:

Жауап нұсқалары және оларды бағалау		
А	ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұнына бағдарлану	2 балл
Б	ұйымдастырылған іс-әрекет пен мектеп өмірінің сыртқы атрибуттарына бағдарлану	1 балл
В	мектептен тыс іс-әрекет түрлері мен шарттарына бағдарлану	0 балл

Нәтижелерді түсіндіру:

Балл саны	Даму деңгейі туралы тұжырымдар (нәтижелердің сипаттамасы)
10-9 балл	баланың мектепте оқу бағыты және мектепке деген оң көзқарасы туралы хабар береді

	(оқушының ішкі ұстанымы жеткілікті түрде қалыптасқан)
8-5 балл	баланың мектеп өмірінің сыртқы атрибуттарына деген қызығушылығын білдіреді (оқушының ішкі позициясын қалыптастырудың бастапқы кезеңі)
4-0 балл	бала мектепке қызығушылық танытпайды (оқушының ішкі ұстанымы қалыптаспаған)


6. «Корректуралық байқау» тесті
(Пьерон-Рузер әдісін модификациялау)

Мақсаты: зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығын зерттеу.

Құрал-жабдықтар: Пьерон-Рузер тестінің бланкі, қарындаш пен секундомер.

Нұсқаулық: «Кестені үлгі бойынша белгілеу арқылы кодтау».

Тестіге арналған бланк:



Нәтижелерді өңдеу

Тұрақты зейіннің жоғары деңгейі

1 мин 15 сек ішінде қатесіз 100%

Тұрақты зейіннің орташа деңгейі	1 мин 45 сек ішінде 2 қатемен 60%
Тұрақты зейіннің төмен деңгейі	1 мин 50 сек ішінде 5 қатемен 50%
Зейіннің шоғырлануы мен тұрақтылығының өте төмен деңгейі	2 мин 10 сек ішінде 6 қатемен 20%

Пьерон-Рузер тесті

Мақсаты: зейіннің шоғырлану деңгейін анықтау, қысқа мерзімді көру жадының көлемін анықтау.

Құрал-жабдықтар: Пьерон-Рузер тестінің бланкі, қарындаш пен секундомер.

Өткізу барысы: диагностика бір баламен немесе 5-9 баладан тұратын топпен жүргізілуі мүмкін. Топпен жұмыс істеудің негізгі шарттары – балаларды ыңғайлы орналастыру, барлығын тест бланктері және қарындаштармен қамтамасыз ету, тестілеу кезінде тыныштық сақталуын қадағалау.

Нұсқау: "Саған шаршы, үшбұрыш, шеңбер және ромб бейнеленген тест ұсынамын. "Бастаймыз!" белгісі бойынша келесі таңбаларды осы геометриялық фигураларға мүмкіндігінше жылдам және қатесіз орналастыр: шаршыға - ештеңе қойма, үшбұрышқа - азайту (минус), шеңберге - қосу (плюс) және ромб ішіне нүкте қой. Белгілерді қатарынан орналастыр. Тапсырманы орындауға 60 секунд беріледі. Менің "Тоқта!" деген белгім бойынша таңбаларды қоюды тоқтатындар". Педагог тапсырманы өткізу барысында уақытты секундомердің көмегімен бақылайды, "Баста!" және "Тоқта!" белгілерін беріп тұрады.

Тестілеуді бірнеше рет жүргізу арқылы нәтижелердің сенімділігіне қол жеткізуге болады, тестілеудің арасында айтарлықтай уақыт аралығы болуын ескеру керек.


Нәтижелерді өңдеу және талдау. Бұл тестілеудің нәтижелері: 60 секунд ішінде бала өңдеген геометриялық фигуралар саны және жіберілген қателіктер саны.

Зейіннің шоғырлану деңгейі кесте бойынша анықталады:

Өңделген фигуралар саны	Дәреже	Зейінді шоғырландыру деңгейі
100	1	өте жоғары
91-99	2	жоғары
80-90 65-79	3-4	орташа төмен
64 және одан төмен	5	тым төмен

Тапсырманы орындау кезінде жіберілген қателіктер үшін дәреже төмендетіледі. Егер 1-2 қате болса, содан кейін дәреже бірлікке азаяды, 3-4 – қате болса, екі дәрежеге төмендейді және зейіннің шоғырлануы нашар деп саналады, ал 4 – қателіктен көп болса, онда үш дәрежеге төмендейді.

Пьерон-Рузер тестінің бланкі




7. “Баспалдақ” тесті

Мақсаты: баланың өзін-өзі бағалауын зерттеу.

Материал: қағаз парағына 10 сатыдан тұратын баспалдақтың суретін саламыз.

“Баспалдақ” өзін-өзі бағалау (үлгі).



Өткізу барысы: балаға баспалдақты көрсетіп, ең төменгі сатыда ең жаман ұлдар мен қыздар тұрғанын айтамыз. Екіншісінде – олардан сәл жақсырақ, бірақ ең жақсы, мейірімді және ақылды ұлдар мен қыздар жоғарғы сатыда тұр. Баланың баспалдақтағы сатыда орналасуын дұрыс түсінуі маңызды, сондықтан сіз одан бұл туралы қайта сұрай аласыз. «Сен өзінді қандай сатыға қояр едің?» Осы сатыда тұрған өзіңнің суретіңді сал. Бұл жағдайда баланың осы сатыны неге таңдағаны міндетті түрде анықталады. Содан кейін балаға өз ойы бойынша оның фигурасын анасы

немесе басқа бір жақын адамдары қай сатыға қоятынын көрсетуі ұсынылады: «Анаң сені қай сатыға қояды деп ойлайсың? Сен неге осылай ойлайсың?» Сондай-ақ, баладан оны кім ең жоғарғы сатыға қоятыны туралы (әсіресе, егер ол қандай да бір себептермен анасы оны сол жерге қоймайды деп ойлап тұрған болса) және кім оны ең төменгі сатыға қоятыны сұралады.

Нәтижелерді өңдеу	
1-3 саты	өзін-өзі бағалаудың төмен деңгейі (тым төмендету)
4-7 саты	өзін-өзі бағалаудың орташа деңгейі (адекватты)
8-10 саты	өзін-өзі бағалаудың жоғары деңгейі (асыра бағалау)

8. «Коммуникативтік қабілеттерді дамыту» сауалнамасы

Сауалнама баланың коммуникативтік қабілеттерінің даму деңгейін анықтауға арналған. Мектепке дейінгі ұйымда болу кезінде баланың іс-әрекетін бақылау негізінде толтырылады. Оны тәрбиеші немесе педагог-психолог толтырады.

№	Іс-әрекетін бақылау	Жауап нұсқалары
1	Ересектермен қарым-қатынас кезінде нұсқауларды түсінеді:	а) көбінде түсінеді; б) көбінде түсінбейді; в) түсінуге қиналады.
2	ҰІӨ барысында бала:	а) тапсырманы орындаудың өз тәсілдерін ұсынады, басқа балалардың пікірін ескереді; б) басқа балалардың тілектерін орындауды жөн көреді; в) құрдастарының пікірі мен іс-әрекетін ескермейді.
3	Бала өз пікірін негіздей алады:	а) жиі; б) кейде; в) ешқашан.
4	Құрдастарының жағымды және жағымсыз әрекеттерін тани алады:	а) тани біледі; б) белсенділігі төмен, әрқашан

		байқай бермейді; в) айыра алмайды.
5	Бала ойында өзінің және құрдастарының қызығушылықтарын ескереді:	а) жиі; б) кейде; в) ешқашан.
6	Жанжалды жағдайда бала:	а) жанжалды сындарлы түрде шешеді (барлық қатысушылардың мүдделерін ескере отырып); б) көмек алу үшін ересек адамға (педагогке) жүгінеді; в) жанжалды өз пайдасына деструктивті түрде шешеді (көндіреді, агрессивті түрде талап етеді, жылайды және т.б.).
7	Бала ойнағанды жақсы көреді	а) көп баланың ішінде (үш не одан да көп); б) шағын топта (екі адам); в) жалғыз өзі.
8	Бала ересек адаммен өзара әрекеттесуге дайын, өз қажеттілігін нақты айтады	а) ылғи; б) жиі; в) кейде.
9	Бала басқа балалармен (ересектермен) қарым-қатынас кезінде	а) әдетте, бала мәдени мінез-құлық ережелерін қолданады; б) әрқашан мәдени мінез-құлық ережелерін ұстана қоймайды, бірақ ол туралы біледі; в) мінез-құлық ережелерін сирек ұстанады (олардың кейбіреулері туралы ғана біледі).
10	Бала құрдастарымен қарым-қатынаста сөйлеуді белсенді қолданады (ережелерді түсіндіреді, рөлдерді бөледі, сұрақтар қояды):	а) ылғи дерлік; б) кейде; в) сирек.
11	Бала басқа балалармен қарым-қатынаста	а) барлық балаларға жанашырлық танытады (ықыластылық); б) олардың кейбіреулеріне ғана; в) жанашырлық танытуы сирек.

12	Бала құрдастарының жағдайын түсіне ме (эмоционалдық)?	а) үнемі түсінеді/жиі; б) кейде түсінеді; в) түсінбейді
----	---	---

Нәтижелерді талдау:

Нәтижелерді өңдеу	
Коммуникативтік қабілеттері дамуының жоғары деңгейі	А - 9-дан 12 балға дейін
Коммуникативтік қабілеттері дамуының орташа деңгейі	А және Б жауаптарының шамамен 50%
Коммуникативтік қабілеттері дамуының төмен деңгейі	В жауаптарының көпшілігі

